



№90 (9977)

14 қараша

сейсенбі

2023 жыл

Газет

1934 жылғы

10 қаңтардан

бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

# Жамағат

## Жаршысы



### Аймақ жаңалықтары

## Жастар арасында қылмыс өршіп тұр

Осы айдың басынан бері Қызылорда облысында полиция қызметкерлері жастар арасында 472 өкімшілік құқық бұзушылықты анықтады. Сондай-ақ олардан 20 пышақ тәркіленді.



Байқоңыр полициялері патрульде кезінде пиджактың қалтасынан қаруға ұқсас зат табылған күдікті азаматты тоқтатты. Сараптама көрсеткендей, тәркіленген зат травматикалық тапанша екені расталды. Бұл факт қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарылғыш құрылғыларды заңсыз сақтау, беру, өткізу, сақтау, тасымалдау немесе алып жүру бойынша тіркелген.

Тәртіп сақшылары оқу орындарының оқытушыларымен бірлесіп, оқушылар мен студенттер арасында үнемі профилактикалық жұмыстар жүргізеді. Олар көмелетке толмағандар арасындағы қақтығыстар туралы жарияланымдарды анықтау үшін әлеуметтік медианы бақылайды. Анықталған әрбір факт бойынша жедел-тергеу тобы жіберіледі, жанжалға қатысушылар белгіленеді, тиісті шаралар қабылданады.

Қызылорданың оқу орындары мен жатақханаларында қылмыстардың, оның ішінде топтап жасалған қылмыстардың алдын алу бойынша дерістер өткізеді және әлеуметтік бейнероликтер көрсетеді.

## 122 дана қару тәркіленді

Қызылорда облысы полиция департаментінің өкімшілік полиция басқармасымен осы жылдың 10 айында 9568 қару иелерінің аңшы қаруын сақтау заңдылығы тексеріліп, азаматтық қаруды сақтау, пайдалану және тасымалдау ережелерін бұзу дерегімен 348 құқық бұзушылық анықталды. Заңсыз айналымнан 122 дана қару тәркіленді.



Одан бөлек облыс көлемінде азаматтық және қызметтік қару айналымын бақылау саласы бойынша «Е-лицензиялау» электрондық жүйесі арқылы 4630 мемлекеттік қызмет көрсетіліп, жеке және заңды тұлғаларға азаматтық және қызметтік қару сатып алуға, сақтауға және алып жүруге рұқсат берілген.

«ЖЖК» ақпарат

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі»

Ахмет Байтұрсынұв



## Қадірлі оқырман!

Мерзімді басылымдарға 2024 жылдың I жартыжылдығына жазылу басталды. Ел жаңалығын білгіңіз келсе, сүйікті газетіңізден қол үзеңіз.



### Үкімет

## Баға бақылауда бола ма?

Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының тұрақтандыру жағдайы өңірлері өкімдіктерінің жеке бақылауына өтеді. Қараша айы жылдық азық-түлік инфляция деңгейін қалыптастыратын шешуші ай болмақ. Аталған мәселе бойынша Үкіметте өткен жиында Премьер-Министрдің орынбасары Серік Жұманғарин осындай тапсырма жүктеді.

Сауда комитетінің мәліметінше, қарашаның бірінші аптасында ЭМАТ бағасының өсімі 0,1 пайызды, негізгі драйвер жұмыртқа бағасының маусымдық өсуі 1,7 пайызды құрады. Сонымен қатар қарақұмық 0,2 пайызға және күнбағыс майы 0,1 пайызға бағасының ұзақмерзімді төмендеу үрдісі жалғасып отыр. Көкөніс бағасының маусымдық төмендеуіне келсек, картоп 1,7 пайыз, піяз 1,2 пайыз, қырыққабат 1,3 пайыз, сәбіз 1 пайыз көрсеткіште тіркелді.

Жұмыртқа бағасының өдәуір өсімі Алматыда байқалды, бір аптада 3,7 пайызға өскен. Маусымаралық бағаның көтерілу қаупін ескере отырып, Серік Жұманғарин өкімдіктерге өңірлердегі әлеуметтік азық-түлік бағасының жағдайын жеке бақылауды тапсырды. Бәсекеестікті қорғау және дамыту агенттігі ірі өндірушілер арасындағы баға өсімінің себептерін талдау және анықталған фактілер туралы келесі аптада хабарлауды тапсырды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметінше, бүгінде өңірлерде көкөніс, қант, қарақұмықтың барлық қажетті қоры қалыптастырылған. Күріш бойынша қажетті қор қалыптастыру деңгейі төмен, келісім-шарттың жалпы пайызы қажетті сұраныс көлемінің 86 пайызын құрайды. Арта қалғандардың қатарында 94 пайызбен Алматы, 64 пайызбен БҚО, 28 пайызбен Қарағанды облысы, 61 пайызбен Маңғыстау облысы тұр. Күріш бойынша арта қалулар бар, мердігерліктің жалпы пайызы қажетті сұраныс көлемінің 86 пайызын құрайды.



Сондай-ақ вице-премьер барлық өңірлерге құс фабрикаларын айналым қаражатымен қолдауға ерекше назар аудару отырып, осы жұмысты бір апта мерзімде аяқтау міндетін қойды.

Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов 2023-2025 жылдарға арналған көкөніс сақтау қоймаларын салу бойынша кешенді жоспарды іске асыру жағдайы туралы баяндады. Бүгінгі таңда Қазақстан бойынша қуаты 1 822 мың тонна көкөніс пен жұмыс сақтайтын 901 нысан бар. Кешенді жоспарға сәйкес, 2023-2025 жылдары аралығында жалпы қуаттылығы 689,9 мың тонна болатын 92 сақтау қоймасын салу жоспарланған, бұл жалпы сақтау қуаттылығын 2,4 млн тоннаға дейін жеткізуге мүмкіндік береді. Биыл сыйымдылығы 272 мың

тонна, 2024 жылы 206 мың тонна және 2025 жылы 160 мың тонна сақтау орны пайдалануға берілуі тиіс.

Мұнан басқа кеңесте күнбағыс өсірудің мемлекеттік қолдау шаралары таңқалды. Биыл басым дақылдар өндірісін қолдауға бөлінген субсидиялардың жалпы көлемі 9,3 млрд теңге, майлы дақылдарға 2 млрд теңге қарастырылған. Барлық өңірлерден күнбағысты субсидиялауға Қостанай, Алматы және Жетісу облыстарында ғана қаражат бөлінді. Мәселен, Түркістан өңірі мемлекеттік қолдау қаражатын сафлорды субсидиялауға бағыттады. АШМ мәліметінше, келер жылы күнбағыс өсіруді субсидиялауға арналған қаражат көлемі шамамен сол деңгейде қалады.

Вице-премьердің айтуынша, алдағы жылдары өңірлерде күнбағысты қайта өңдеу бойынша жаңа қуаттар іске қосылады. Бүгінгі таңда жұмыс істеп тұрған зауыттар 50 пайыздан кем жүктелген, ал шикізатсыз күнбағыс өсіруді субсидиялауға жүктену 20 пайызға жеткізу жоспарланған. Елімізде күнбағысты қайта өңдеуді дамытудың маңызы зор, өйткені оны шикізат ретінде көрші елдер бізден алады. Сондықтан күнбағыс өсіру саласын қолдау қажет екенін жеткізді. Серік Жұманғарин Азық-түлік корпорациясына жаңа тауар сипаты жоқ астықты өткізу бойынша шараларға көмек көрсету мүмкіндіктерін пысықтауды да тапсырды.

Жандос ЖАЗКЕН

### Аппарат

## Жер мақсатты игерілсе игі

Ауданның жер қоры – 2 873 640 гектар, оның 284 752 гектары – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер, жер пайдаланушылардың саны бүгінде 500-ге жетті. Оның 456-сы шаруа қожалық болса, 25-і – ЖШС, 14-і – кәсіпорындар иесі, қалғаны – өндірістік кооперативтер иесі мен мемлекеттік заңды тұлғалар. Ауданда 33016 гектарды құрайтын 60 инженерлік тұрғыда өзірленген күріш ауыспалы егіс жүйесі, 1 мал азығы және 1 картоп ауыспалы егіс жүйесі бар. Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Алтынбек Дәрібаев осылай деді.

Күн тәртібіндегі мәселелер қаралмас бұрын Ардақ Әбдіғалпарұлы алдымен кадрлық өзгерістерге тоқталып, аудан әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау бөлімінің басшысы лауазымына Орынбасар Жархановтың тағайындалғанын жеткізіп, алдағы жұмысына сәттілік тіледі. Мұнан кейін әдеттегідей кезек күн тәртібіндегі мәселелерге берілді. Алдымен Алтынбек Дәрібаев жер заңнамасының сақталуын қамтамасыз етуде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Бөлім басшысы мақсатты пайдаланылмаған жер учаскелерін мемлекетке қайтару бойынша тиісті жұмыстар атқарылып жатқанын айтады. Мәселен, ауданның жер есебі бойынша жалпы көлемі 227 781 гектарды құрайтын 645 жайылмалық жер учаскесі табысталған. Жыл басына дейін зерттеу нәтижесінде табысталған жайылмалық жерлердің мақсатты пайдалану жағдайы 48,9 пайызды құраған, одан бері атқарылған жұмыстардың арқасында бұл көрсеткіш 15,6 пайызға азайған. Ардақ Әбдіғалпарұлы атқарылған жұмыстарды жоққа шығармады, алайда кешегі халықпен кездесулерде ауылдық елді мекендерде жайылмалық жер мәселесі тұрғындар тарапынан жиі айтылғанын жеткізіп, өлі де жерді пайдалануда заңсыздыққа жол бермеу қажеттігін қаперге салды.

Бұдан бөлек кәсіпкерлік мақсатта табысталған жалпы көлемі 18 гектарды құрайтын 23 жер учаскесінің де пайдаланылмай жатқаны анықталған. Бөлім басшысы 2024 жылдың қаңтар-ақпан айларында департаментпен аталған жер учаскелеріне қайта тексеру жүргізіліп, пайдаланылмай тұрған жер учаскелері мемлекет меншігіне қайтаратынын айтады.

Ардақ Әбдіғалпарұлы аяқ су мәселесі күрделенген шақта белгіленген межеден егіс көлемін ұлғайтуға болмайтынын жеткізді. Сондықтан алдағы уақытта

жасамаса, мемлекетке қайтарсын, біз оны мақсатымен пайдаланатындағым ұлестірейік, тағы да қайталап айтмаймыз, ел ішіндегі мәселе сол жерде қалмауы керек, мүмкіндігінше соның шешіміне жұмыс жасайық, – деді аудан әкімі.

Бүгінгі таңда мал басы тіркелмей немесе мал басы 20 пайызға жетпей тұрған жер учаскелерінің ішінде 12 977 гектары үлеспен құрылған жерлер екен. Жыл басынан бері табысталған жайылмалық жер учаскелеріне 3 рет мониторинг жүргізіліп, жайылмаларды мақсатына сай пайдаланбаған 33 жер иесінің тізімі тиісті шара көру үшін облыстық жер ресурстарын басқару департаментіне жолданған.

Аудан бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы 44 мың гектар жер учаскесі мемлекет қорына қайтарылған. Сондай-ақ бақылау жұмыстары барысында биыл ауданда 1346 гектар күріш артық еліп, ауыспалы егіс тәртібін ерескел бұзған 16 шаруашылық анықталған. Заңға сәйкес тиісті шаралар қабылдау үшін бұл да облыстық жер ресурстарын басқару департаментіне жолданған.

Бұдан бөлек кәсіпкерлік мақсатта табысталған жалпы көлемі 18 гектарды құрайтын 23 жер учаскесінің де пайдаланылмай жатқаны анықталған. Бөлім басшысы 2024 жылдың қаңтар-ақпан айларында департаментпен аталған жер учаскелеріне қайта тексеру жүргізіліп, пайдаланылмай тұрған жер учаскелері мемлекет меншігіне қайтаратынын айтады.

Ардақ Әбдіғалпарұлы аяқ су мәселесі күрделенген шақта белгіленген межеден егіс көлемін ұлғайтуға болмайтынын жеткізді. Сондықтан алдағы уақытта



оган жол бермеу үшін бақылауды күшейту керектігін тілге тиек етті.

– Ауылда қарапайым халық жайылмалық жер жоқ дейді, ал басқалары меншіктеліп, мақсатты пайдаланбайды, мұны қалай түсінуге болады? Жаздай аяқ су мәселесін көреміз, бірақ егіс көлемін межеден арттырамыз. Мұндай мәселеге жол бермеуіміз керек. Сондықтан алдағы нағыз осында осы мәселеге де басымдық беріңіздер, – деді аудан әкімі.

Мұнан кейін аппарат мәжілісінде әлеуметтік салаға кезек берілді. Яғни күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша «Мансап» орталығының директоры Ғалымжан Телібаев баяндама жасап, халықты жұмыспен қамту шараларын кенінен тарқатты. Қарашаға дейін 3053 адам орталыққа хабарласқан, оның 67,8 пайызы ұлттық жобаға қатысушылар құрамына енгізілген.

Аудан әкімі орталық директорына тұрақты жұмыс орындарын ашуға басымдық беру қажеттігін жеткізді. Жыл соңына дейін межені орындап, елдің әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында қолға алынған әрбір жобаның қарапайым халық игілігін көруі керектігін қатаң ескертті.

Аппарат мәжілісінде салық базасын кеңейту жұмыстары да назардан тыс қалмады. Аудандық мемлекеттік кірістер басқармасы басшысы Руслан Байғазиев жергілікті бюджетке 1 млрд 405 053 мың теңге болжамдалып, 1 млрдта 522 118 мың теңге түскенін айтады. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда түсім 5 млн 401 мың

теңгеге кем, бірақ есу қарқыны 100 пайызды құраған.

– 2023 жылға жергілікті бюджеттің кіріс бөлігіне салық пен басқа да міндетті төлемдер бойынша 1 635 469 мың теңге түсім күтілуде, алайда 85,7 пайызбен шектелетін байқалады. Негізгі себеп 104 101 бюджеттік сыныптан собы бойынша заңды тұлғалардың және дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салығы бойынша мұнай компаниялары биыл төлем есебіне барлығы 128 302 мың теңгеге салықтық есебін өткен жылдан кем тапсырған. Қосымша кіріс көздерін ұлғайту мақсатында ақпараттық жүйелердің уәкілетті органдардан және үшінші тұлғалардан алынған мәліметтер негізінде салық төлеушілердің салық есептілігіне талдау, камералдық бақылау, өңімелесу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде жергілікті бюджетке 53 238,6 мың теңге қосымша түсім түсті. Аудан бойынша қарашаға дейін 445 заңды тұлға, 2595 дара кәсіпкерлік субъектісі, 2 сот орындаушы, 2 жеке нотариус, 1 адвокат және 408 шаруа және фермер қожалығы салық төлеуші ретінде тіркелген. Бұл көрсеткіш жалпы халық санының 11 пайызын құрайды, – деді басқарма басшысы.

Р.Байғазиев елді мекендерде кәсіпорындар қатары азайғанын айтып, Аудан әкімі кіріс көзін ұлғайтуға қатысты нақты тапсырмалар беріп, оның орындалуына жұмыс жасауды жауапты азаматтарға жүктетті.

Ақтоқты БҮРКІТБАЙ

Сессия

## Бюджет мақсатты игерілуі тиіс

**Аудан соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық дамуда ілгерілей бастады. Негізгі капиталға салынған инвестициялар, құрылыс жұмыстарының көлемі, аудан бюджетінің орындалуы, егістік алқаптарда атқарылған жұмыстар, жылыжай, мал шаруашылығындағы жетістік биыл сайланған мәслихат депутаттары мен жергілікті атқарушы биліктің өзара бірлесіп, белсенді еңбек еткенінің нәтижесі болса керек.**

Шыны керек, БАҚ өкілдері ел игілігі үшін жүзеге асып жатқан жобалармен, жалпы жергілікті халықтың әл-ауқатын көтеруге бағытталған жұмыстармен мәслихат депутаттарының сессия отырысында таныс болатыны рас. Күні кеше аудан әкімдігінің мәжіліс залында өткен аудандық мәслихаттың кезектен тыс сессиясында түйін тарқатылуы тиіс бірқатар мәселе талқыланып, оң шешім тапты дегуге болады.

Сессияға аудан әкімі Ардақ Ибраимов, аудандық мәслихат депутаттары, кент және ауыл өкілдері, бөлім басшылары қатысты. Жиында аудандық мәслихат төрағасы Әмірзақ Елеусінов төрағалық етті. Күн тәртібінде аудан бойынша атқарылуы тиіс бірқатар жұмыс қаралды.

2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 23 желтоқсандағы №30-2 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Жұпар Баймаханова баяндады. Оның сөзіне сүйенсек, аудандық бюджеттің бюджеттік бағдарлама өкімшілерінен 57193,5 мың теңге қысқартылып, бірқатар бюджеттік бағдарламаға бағыттау жобаланған. Мәселен, аудан мәслихатының және аудан өкімінің қызметін қамтамасыз ету және тиімділігін арттыру жөніндегі қызметтерге, сондай-ақ инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, коммуналдық шаруашылығын дамыту бюджеттік бағдарламаларына, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бойынша бағытталған.

Келесі мәселеде 2023-2025 жылдарға арналған кент және ауылдық округтердің бюджеті туралы аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 27 желтоқсандағы шешіміне өзгерістер енгізу талқыланды.

Биыл кент, ауылдық округтер бюджетінің нақтыланған көлемі 3 324 275,1 мың теңгені құрады. Оның ішінде кент, ауылдық округтердің өз кірістері 179 933,6 мың, бағытталған субвенция көлемі 1 593 570 мың, жоғары тұрған органдардан бөлінген нысаналы трансферттер 1 550

771,5 мың теңге болды. Аудандық бюджет есебінен кент көшелеріне 2 бағдарламалар, жалпы бөлінген қаржыға 3 рет мемлекеттік сатып алу конкурсы жарияланып, мердігердің анықталмауына тиісті қаражат қысқартылатын болады, — деді аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы.

Сонымен қатар дербес бюджет түсімдеріне жыл соңына дейін талдау жасалып, талдау нәтижесінде төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығына, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерден 14,8 млн теңге түскен, бірақ түсімдер жоспарына болжамдалмаған. Алайда түсімдер жоспарын 14,5 млн теңгеге ұлғайтылып, сәйкесінше аппараттың ағымдағы шығындарына еңбекке төлемдеріне, іс-сапар шығындарына, көше жарықтарының төлемдеріне бағытталатын болады. Дербес бюджеттің бюджеттік бағдарлама өкімшілерінен үнемделген 13,1 млн теңге қысқартылып, сәйкесінше бюджеттік бағдарлама өкімшілерінің ағымдағы шығындарына, яғни мерекелік іс-шараларға, бильбордтар, қызметтік автокөлікке қосалқы бөлшектер алуға, көше жарықтарының төлемдеріне қайта бағытталады.

Үшінші мәселе, нақтырақ айтсақ, аудан бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 3 мамырдағы №2-3 шешімінің күші мәслихат депутаттарының келісімімен жойылды деп танылды. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшерін бекіту туралы аудандық мәслихатының 2019 жылғы 21 қазандағы №46-2 шешіміне



өзгерістер енгізу туралы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қанат Бөлембаев хабарлама жасады.

Баяндамаға назар аударсақ, жоғары аталған ұйымдардың мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша міндетті түрде әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Әлеуметтік қолдауды тағайындауды уәкілетті орган аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі жүзеге асырады. Әлеуметтік қолдау екінің деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының тиісті түрлеріне лицензиялары бар ұйымдар арқылы мамандардың есеп шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады. Мамандарға әлеуметтік қолдау жылына бір рет бюджет қаражаты есебінен 4 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде көрсетіледі.

Мәслихат депутаттары келесі мәселе бойынша, яғни 2023 жылға кондоминиум объектісін басқаруға

және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстауға арналған шығыстардың өңімен мөлшерінің бір шаршы метрі үшін айына 7,19 теңге көлемінде бекітті.

Аудан әкімдігі жанындағы терриформға қарсы комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы аудандық мәслихаттың 2018 жылғы 13 шілдедегі №25-2 шешіміне мынадай өзгерістер жасалды. Комиссияның дербес құрамына аудан әкімі Ардақ Әбдіғалпаұлы, аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы Еркін Назарқұлов енгізілді. Ал комиссияның дербес құрамынан Асқарбек Есжанов шығарылды.

Мұнан басқа сессияның күн тәртібі аясында аудандық қоғамдық кеңестің құрамы өзгерді. Нақтырақ айтсақ, қоғамдық кеңес құрамына «Дейт» шаруа қожалығының төрағасы Шекіззада Мұстафа енгізілді. Сонымен қатар аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 4 ақпандағы №14-21 «Жалағаш аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесінің штаттық саны

мен құрылымын бекіту туралы» шешімінде өзгерістер орын алды.

Осылайша аудандық мәслихат отырысының күн тәртібіне ұсынылған барлық мәселе мәслихат депутаттары тарапынан егжей-тегжейлі талқыланып, тиісті шешімдер қабылданды.

Сессия соңында аудан әкімі Ардақ Ибраимов сөз алып, биыл 10 айда жоспарланған ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің орындалуында оң динамика қалыптасқанын жеткізді.

— Биыл аудан бюджеті 9 млрд 252 млн теңге көлемінде бекітілсе, жыл көлемінде бюджет нақтылауымен 10 млрд 876 млн теңгеге жетіп, 1 млрд 624 млн теңгеге ұлғайды. Бұл — жоғары тұрған бюджеттерден бөлінген нысаналы ағымдағы даму трансферттері. Әзіретіңізге белгілі биыл аудан көлемінде 5,7 млрд теңгені құрайтын 40 жоба іске асырылуда. Сонымен қатар 24 нысаналы жобасметалық құжаттың әзірлеуге 134,8 млн теңге қаржы бөлінді. Алдағы

жылдарға аудан көлемінде жүзеге асыру жоспарланған жалпы құны 19,2 млрд теңгені құрайтын 50 нысаналы жоба-сметалық құжаттары тиісті орталық және облыстық бағдарлама өкімшілеріне қаржыландыруға ұсынылды.

Бүгінде аудан бюджетінің нақтылануында мекемелердің жыл аяғына дейінгі қажетті ағымдағы шығындарын толықтай жабуға қажетті қаржысын бағыттап бердік. Ауданымыздың келешегі, елді мекендердегі экономикалық жағдай мен халықтың әлеуметтік тұрмысын одан әрі жақсарту бағытындағы жұмыстарды бірлесіп атқарып, елдің талап-тілегін орындауға барлық күш-жігерімізді жұмсаймыз деп есептеймін. Аудан дамуында шешуші тиіс мәселелерді әзіретіңізбен бірлесіп отырып, кезек-кезеңімен шешетін боламыз, — деді аудан әкімі Ардақ Ибраимов.

Жандос ЖАЗКЕН

Брифинг



## Дерт дендеп барады

**Ауданда қызылша ауруымен қараша айының алғашқы он күндігіне дейін 6 адам тіркелген. Науқастардың барлығына дер кезінде емдеу шаралары жүргізіліп, толықтай дертінен айыққан. Одан кейін де осы кеселге шалдыққандар анықталуда. Мәселен, бүгінде аудандық ауруханада қызылша дертімен ауырған 3 науқас ем алып жатыр. БАҚ өкілдерімен өткен брифингте аудандық аурухананың жұқпалы аурулар бөлімі дәрігері Айгерім Иманмырзаева осылай деді.**

Спикер аталған дертке қарсы екіп жұмыстары осыған дейін 1 жастан 55 жасқа дейінгі адамдарға жүргізілгенін айтады. Елімізде эпидемиялық ахуалдың күрделенуіне байланысты балаларға қазіргі таңда екіп салу жұмыстары 6 айдан басталуда. Себебі дертке шалдыққандар арасында 1 жасқа дейінгі балалардың шалдығуы көп тіркеліпті.

Айта кетейік, қызылша — аса қауіпті ауа арқылы тез таралатын, спецификалық емі жоқ жұқпалы ауру. Ол — өзіне тән дене қызуының көтерілуімен, кездің, мұрын-жұтқың-шақтың, жоғары тыныс жолдарының шырышты қабатының қабынуымен, ауыз қуысының шырышты қабатындағы майда нүктелі бөртпелермен және терідегі дақты-папулезді бөртпелермен өтетін вирусты инфекция. Дәрігер оның берілу механизмін ауа тамшысымен байланыстырады.

— Вирус өте жұқпалы, яғни ауру адаммен қатынаста болған кезде сөйлесе, түшкіре, жөтелу кезінде қызылша қарсы иммунитеті жоқ адам 100 пайыз ауырады. Қызылша

науқаспен тікелей байланыста болмай, онымен бір үйде болу арқылы да жұғады. Дегенмен вирус қоршаған ортаға тәзімсіз келеді, тез өледі, сондықтан тұрмыстық заттар, ойыншықтар, киім-кешек арқылы жұқтыру мүмкін емес. Әрқашан инфекция кезі ауру адам болып табылады, әсіресе бөртпе пайда болған кезден бастап, дамудың төртінші күніне дейін қоршаған ортаға қауіпті, бөртпе шыққаннан 5 күннен бастап адам жұқпалы емес деп есептеледі. Қызылша 5 жасқа дейінгі балаларда жиі кездеседі. Қызылшаға қарсы екіп алмаған ересектер де жұқтыру қауіпі өте жоғары және ауру балаларға қарағанда ауыр түрде өтеді. Аурудан соң қанда қызылшаға қарсы антиденелер түзіліп, тұрақты өмір бойы иммунитет сақталады, — дейді жұқпалы аурулар бөлімінің дәрігері.

Маман кеңесінен бұл дерттің уақыт өте күрделенетінін байқадық. Сондықтан дәрігерге уақытылы тексеріліп тұрған абзал. Мәселен, бірінші инкубациялық кезең жүреді, бұл жасырын жүретін кезең алғашқы 11-21 күн аралығында болады екен.

Яғни науқас адаммен қатынаста болып, алғашқы клиникалық көріністің пайда болуына дейінгі уақыт. Ал кеселдің 3 даму кезеңі болады.

— Продромды кезең 1-3 күн аралығында болады, онда дене қызуының көтерілуі 38-39 градуска дейін жетеді. Белгілеріне келсек, жөтел, мұрынан сулы бөліністер, ұртта майда ақшыл дақтар пайда болады. Екіншісі бөртпе кезеңі болып табылады. 4-5 күндері дене қызуының қайта көтерілуі, бөртпелердің эпталты түрде шығуы негізгі белгілер болып табылады. Бірінші күні құлақ артында, бетте, 1 тәулік ішінде мойын және кеуденің жоғары бөлігінде бөртпе пайда болады. Екінші күні бөртпе денеге тарайды, одан кейінгі күндері ақ-қолдың проксималды бөлігіне жайылады. Үшінші пигментациялық кезеңде бөртпелердің дақтануы бөртпелердің шығу ретімен жүреді, қабыршақтану 1-1,5 аптаға дейін жалғасады, — дейді спикер.

Дәрігер ауру белгілері байқалса, сау адамдарға жұқтырмау үшін қарым-қатынасты дереу тоқтату қажеттігін қаперге салды. Мұндайда

бірден емханаға барып, зертханалық сынама алғаннан кейін дерттің диагнозын анықтау үшін дәрігерлер қояды. Ауру адам қан және зәр тапсырады. Дәрігердің жолдамасымен тағы да қажетті анализдерді тапсыруы ықтимал. Дәрігерлер аурудың қарым-қатынаста болған адамдардың барлығын 3 апта бойы бақылауға алады.

Енді дерттің еміне келсек, Айгерім Досмахамбетқызы қызылша ауруының арнайы емі жоқ екенін жасырмайды. Сондықтан симптоматикалық емдеу шаралары қолданылады. Маман кеңесіне жүгірсек, науқас ең алдымен сүйікті және өзіне лайық тағамды таңдауы керек. Төсектік және диеталық режимді сақтаған абзал. Дене қызуы 38,5 градустан жоғары көтерілсе, оған қарсы дәрілер тағайындалады. Ауруханаға жатқызу тек ауыр жағдайларда жүзеге асады. Жеңіл және орташа ауыр ағымдағы қызылша ауруының емі үй жағдайында жасалады.

Негізінен бұл дерт асқынуымен қауіпті. Асқыну көбінесе 5 жасқа дейінгі балаларда немесе 20 жастан асқан адамдарда болады. Кең таралған түрі — ортаңғы құлақтың қабынуы, пневмония, ларингит, трахеобронхит, энтериттер, энцефалит. Қызылшамен ауырмаудың ең тиімді әдісі — вакцина алу. Себебі ол аурудан сақтану иммунитетін қалыптастырады.

Елімізде қызылша ауруы ершіп тұр, жыл басынан бері елде қызылшамен ауырғандар саны — 11057, соның ішінде 9 233-і — бала, елдегі эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру үшін ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің арнайы қаулысы шықты. 6 қарашадан бастап күшіне енген қаулыға сәйкес қызылшаға қарсы екіп 6 ай мен 11 ай арасындағы балалар алады. Сол балалар 1 жасына толғанда қайтадан тағы екіп алатын болады. Бала 11 айлық болса, 1 жасын күткен дұрыс. 2023 жылдың 5 желтоқсанынан бастап кезінде уақытылы екіп алған қазір жасы 2-5 жас аралығындағы балалар екіпте қайта алады. Биыл қызылшаға қарсы екіп алғандар қосымша доза алмайды. 2019-2020 жылдары қызылшаға қарсы екіп алмаған медициналық қызметкерлер де оны алатын болады, — дейді дәрігер.

Қоғамда соңғы жылдары жалпы екіпке қарсы теріс көзқарас қалыптасқанын әлеуметтік желіде де байқап жүріміз. Десе де мұндай өлі толық емі жоқ кеселдерге қарсы екіпті алуға селқос қарауға тағы болмайды. Маман сөзінен де дерттің негізгі емі осы екіп жұмыстарынан бастау алатынын байқап отырымыз. Сондықтан оған қарсы шаралар тек арнайы дәрігерлердің кеңесімен жүргені дұрыс.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



## Төл теңге төрімізде

**Кез келген егемен елдің тілі, жері, рәмізі болатыны секілді өз валютасының болуы заңды. Ұлттық валютаны жариялап, оны айналымға түсіру тәуелсіздіктің басты қадамдарының бірі еді. Ал теңгенің айналымға түсуі — егемен Қазақстанның қаржылай да тәуелсіз екенінің айқын көрінісі.**

Теңге — біздің дербес ел болғанымыздың бір белгісі. Қай елдің болсын валютасы мемлекеттің тарихын тікелей баяндайды, заманауи, саяси-экономикалық жағдайын және жанандық дәрежесін сипаттайды. Бүгінде ақша бірліктері мемлекет дамуының маңызды рөлін атқарады. Оларсыз мемлекетаралық қатынастарды орықтандыру мүмкін емес, мемлекет ішіндегі қаржы операцияларының бірін де орындай алмайды.

Ұлттық банкнотта мемлекеттің тарихи оқиғалары, елдің мәдениеті мен тарихына елеулі үлес қосқан саяси-тарихи тұлғалардың бейнесі әрі мемлекеттің басты мәдени жетістіктері бейнеленеді. Сонымен бірге бүгінде ұлттық валюта мемлекеттер мен халық үшін өте ыңғайлы және экономикалық негізгі бар қаржы құралы болып есептеледі. Қазақ елінің теңгесі 1993 жылы 15 қарашада айналымға енді. 1997 жылы 13 қарашада алғаш теңгенің айналымға түскен күнін «Ұлттық валюта күні» деп жарияланды. Елдің егемендігін енді ғана алған мемлекеттің аумалы-төкпелі уақытта төл теңгемізді дүниеге әкелу тәуекелді қадамы болатын. Осылайша Қазақ даласының ұлы тұлғалары Әл-Фараби, Абылай, Ақай, Жамбыл, Сүйінбай, Шоқандарды бейнелеген алғашқы Қазақстан республикасының теңгері жарыққа шығып, айналымға түскені шын тәуелсіздіктің бейнесі болды.

Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық валютасы, төл теңгеміздің тарихы 1992 жылдан бастау алады. Алғашқы қазақ ақша Ұлыбританияда басылды. Ұлттық валютаның бөкеу ел экономикасының аяғынан нық тұруына да септігін тигізді. Сол кезде ақшаның дизайнын жасайтын Англияға жіберілді. Осылайша Лондонда жасалған теңгеміз 1993 жылы қарашада айналымға енді. Қазіргі таңда теңге әуестіру жөнінде шешім қабылданды. 15 қараша күні таңертеңнен бастап құрамында қауіпсіздік қызметі мен ішкі істер органдарына, облыс әкімдігіне, Ұлттық банк өкілдері бар арнайы комиссия жаңа ақшаны жан-жаққа бөлуге кірісті. Теңгенің нарықта орнығуына бірқатар өңір азаматы да терікті. Алдағы уақытта да төл теңгемізбен ауданның экономикасын көтеруге жұмыс жасаймыз. Осы бағытта алдыңғы буын аға-апаларымыз Жалғас Құлнбаев, Кәдірбай Бахтиярбаев, Бердан Әмиров, Болат Төшімбетов, Базарбек Есжанов, Жанат Еркебаева, Ерасыян Мархабаев, Нұржанам Құрманбаева, Жұпар Баймаханованың еңбегі бізге үлгі болмақ.

Өмірбек ЖАҚСЫЛЫҚ,  
аудандық қазынашылық  
басқармасының басшысы

# ҚҰЖАТ

Исатай Әбдікәрімов – 100 жыл

# Нартұлғалы қайраткер

Исекеңді ең алғаш 1963 жылы егін орағы кезінде бұрынғы Калинин атындағы кеңшардың клубында егін орағына байланысты жиында көрдім. Бұл кезең Кеңес елінің кезінде экономикаға қисынды да қисыныз реформалар жүргізумен тарихта аты қалған Н.С.Хрущевтың басқаратын кезі-тіні. Оның ауыл шаруашылығына жасаған кезекті реформасының нәтижесінде аудандар біріктіріліп, ірілендірілген. Біздің Жалағаш ауданы көрші Қармақшы ауданымен қосылып, ауыл шаруашылығын басқаратын аудандық өндірістік басқарма құрылып, аудандық партия комитеті осы өндірістік басқарма жанындағы партия комитеті болып қайта құрылған. Партия комитетіне бірінші хатшы болып осыған дейін Шиелі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Исатай Әбдікәрімовтің келген кезі еді.



Тамыз айының аяғы болуы керек, Калинин клубында бұрынғы Жалағаш ауданы аумағындағы шаруашылықтарда күрші орағының қалыпқа түсіп, жүріп кетпеуіне байланысты аупарткомның көшпелі бюросы болды. Бюроға егін орағына қатысушы ретінде мен де қатыстым. Оны аупарткомның бірінші хатшысы Исекең басқарды. Исекеңді алғашқы көріуім, бойы ортадан жоғары, дене бітімі өзгеше, мығым дөңелі, шашы түсіп, басы қақсабастан бастаған, кең маңдайлы бұл кісі өзгелерден ерекшеленіп тұратындай көрінді. Сөйлегенде кезін ойнатып, залдың түкпір-түкпіріне дейін көз тастап, түгел шоғылып отыратынмен бұрын көріп жүрген басыларға қарағанда ерекше әсер қалдырды. Артық сөзі жоқ, басшыларға қойған талабы нақты да орынды. Міне, менің көшпек еңбек жолында айтарлықтай іс қалдырған Исекеңді алғаш жақынырақ көріуім осы еді. Өзі өмірін халқына қызмет етуге арнаған адал еңбегінің арқасында республика басшылығы дәрежесіне дейін қызмет бабында көтеріліп, ірі мөлмеңгелі қайраткер болған бір туар тұлға Исатай Әбдікәрімов 1923 жылы Жаңақорған ауданының тарихи сонау оғыз дегүрінен бастау алатын, талай тарихи оқиғалардың куәсі болған, қасиетті де киелі Өзгерт жерінде дүниеге келген. Жастайынан жалпы халықтың басына келген өмір тауқыметін көріп, оның ыстығына күйіп, суығына тоңып, құғын-сүргінді де бастан кешкен, балалық шашы қиын кезеңде өткен Исекеңнің де оқып білім алуы оңайға түспеген сынды.

Ол 1930 жылы Жаңақорғандағы жеті жылдық мектепке оқуға келіп, сауатын ашты. Кейін отбасылық жағдайға байланысты Оңтүстік Қазақстан облысының Отырар ауданына қарасты Шәуілдірді жеті жылдық мектепте 2-3 жыл оқиды. Жастайынан мамандық алуға ұмтылған арманы оны Шымкент қаласындағы Гидрометеорология техникумына өкелді. Шымкент сияқты үлкен қалада оқу оның өмірінің бір бөлесі болды. Елдің саяси, қоғамдық өмірінен өтене таныса бастайды, сол кезеңнің үлкен құрылысының бірі Мырзашөл каналының құрылысына қатысады. Жас маманның ынтасына риза болған басшылардың ұсынысымен Исекең Алматы қаласындағы Қазақ ауыл шаруашылығы институтына оқуға түседі.

Институттағы студенттік кезеңі 1941 жылдың жазындағы Ұлы Отан соғысының басталуына тура келіп, елімізді жаудан қорғауға аттанады. Қанды майданда болып, Мескелу тбіндегі шайқасқа, Тула, Калуга бағытындағы ұрыстарға қатысты. Осы шайқастардың біріне ауыр жараланды. Госпитальда емделіп жатқанда елге «ерлікпен қаза тапты» деген қара қағаз да келді. Майданда жүріп саяси жұмыстармен де айналысады. Бөлім командирінің комсомол жұмысы жөніндегі көмекшісі, батальон партия ұйымының хатшысы қызметтерін атқарады.

Саяси жұмыстарда тәжірибе жинақтаған Исекең елге келгеннен кейін 1946-1948 жылдары Жаңақорған, Қармақшы аудандарының комсомол комитеттерінде екінің, бірінші хатшысы болып сайланды. Бұл жұмыста жүріп соғыс зардабынан титық таған елдің экономикасын қалпына келтіру, халықтың жағдайын жақсарту жұмыстарына жастарды жұмылдыруға үлкен үлес қосады. Исекеңнің ұйымдастырушылық қабілеті осы кезеңнен-ақ байқалды. Соның нәтижесінде қызмет бабында үнемі өсіп отырды. 1948-1953 жылдары Қызылорда облыстық партия комитетінің

нұсқаушысы, сектор меңгерушісі, облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы қызметтеріне жоғарылады. 1952 жылы Қызылорда педагогикалық институтының 1954 жылы Кеңес Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитеті жанындағы Жоғары партия мектебінің сырттай оқып бітіреді.

Комсомолдағы қызметінен кейін облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары, облыстық партия комитетінің МТС аймағы бойынша хатшысы қызметтерін атқарып, өзінің іскерлігімен көзге көрінген Исекеңді облыстық партия комитеті сол кездері күрші фабрикасы атанған ондаған Еңбек Ері шыққан Шиелі ауданына аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына жібереді. Міне, осы Шиелі ауданына басшылыққа келуі ол кісінің өміріндегі үлкен асудың алғашқы баспадағы болды. Шиеліде Исекең осы аудандың аудандық атқару комитетінің төрағасы болып қызметке келген білгір басшы, кейін еліміздің белгілі қайраткері болған, тұма талант Қонысбек Қазантаев ағамызбен қызметтес болды. Осы ауданды қос қайраткер басқарған жылдары Шиелі күршітен мол өнім жинаумен белгілі бола бастады. Аттары аудан облыс емес, республикаға белгілі болған Еңбек Ері Ы.Жақаев, Ұ.Алтайбаева, Ш.Қазанбаева, З.Ержанова, Н.Кеевтер сияқты тарапдармен өтене араласты.

1964 жылдың қазан айында өткен СОКП Орталық Комитетінің кезектен тыс пленумында толып жатқан реформалар жасап, бүкіл елдің берекесін кетірген Н.С.Хрущев қызметінен босап, орнына КСРО елін 76 жасқа келгенше 18 жылдан астам басқарып, дүниеден өткен Л.И.Брежнев сайланды. Еліміздің жаңа басшылығы Хрущев құрған Совнархозтарды, өлкелерді, біріктірілген аудандарды таратып, басқару жүісін бұрынғы қалпына көлтіре бастады. Алғашқылардың бірі болып біздің Жалағаш ауданы Қармақшы ауданына қосылып шықты. Жаңа ауданды құрып, басшылығын қалпына келтіру үшін ұйымдастыру бюросы құрылды. Бюросы И.Әбдікәрімов басқарды да қурамында С.Аманов, Б.Уәлиев, Н.Сермаханова, М.Әбдіраманов, И.Иманқұлов, Ж.Сарыбаев, О.Әзжолжауар болды. 1965 жылдың қаңтар айында ұйымдастыру конференциясы мен сессиясы өтті. И.Әбдікәрімов аудандық соттар комитетінің бірінші хатшысы, Б.Уәлиев екінің хатшысы, Н.Сермаханова хатшысы болып сайланды. С.Аманов аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы, М.Әбдіраманов бірінші орынбасары, И.Иманқұлов орынбасары, О.Әзжолжауар аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы, Ж.Сарыбаев халықты бақылау комитетінің төрағасы болды.

Міне, осы уақыттан бастап, Исекең облыстық партия комитетіне бірінші хатшы болып көткен 1972 жылға дейін мен көсіптік білім беретін училищенің қатардағы оқытушысы, училище директорының орынбасары, аудандық комсомол комитетінің екінің, бірінші хатшысы, аудандық партия комитетінің пленум, бюро мүшесі, аудандық кеңестің депутаты сияқты қызметтің сатыларынан өтіп, ол кісінің тікелей төрбесінде болып, үлгі-өнеге алдым.

Аудан құрылғаннан кейін көп ұзамай ақпан айының ішінде мені аудандық партия комитетіне шақырып, училище директорының төрбесіндегі жұмыстары жөніндегі орынбасары қызметіне баруды ұсынды. Бұл қызметте 1967 жылға дейін болдым. 1967 жылы аудандық комсомол комитетінің хатшылығына ауысты. Исекеңнің бойындағы қасиеті адам

сыйлай біледі, үлкен болсын, кіші болсын басшы болсын, қосшы болсын бәрімен алаламай бірдей қарым-қатынас жасап, бірдей көреді. Олардан ешқашан жылы сөзін аямаған, ешкімнің де көңіліне келенге түсірмеген. Жүзінен әр қашан адамға деген бір жылылық, мейірім сөзіліп тұраты.

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы лауазымдағылардың қолында шексіз білік, соған лайық жауапкершілік те болды. Ел басқару деген ошай жұмыс емес. Әсіресе ауыл шаруашылығы аудандарын басқару ерекше қабілетті қажет етеді. Өйткені ауыл шаруашылығы біршама ыңғайландырады. Егін егу, оны жинау, қойды тәлдету, мал азығын дайындау, мал қыстау жыл оң екі ай тынбайтын науқанды тірілтер. Осындай науқанда жұмыс бірде жүріп, бірде жүрмей, талай қиындық болды. Осындай қиындықтарды мойнына алған аудандың бірінші басшысында соған лайықты ерекше қасиет болуы керек.

Исекеңнің ерекше қасиеті қандай болсын қиыншылық жағдайлардың бәрінде де ашу шақырмайтын салмақты да сабырлы қалпынан таймайтын. Қарамағындағыларға дауыс көтеріп ұрысу, ашулану ол кісінің табиғатына жат қылықтар болатын. Ауданды жеті жылдан астам басқарғанда жан бала-сына қиянат жасаған емес. Сондықтан аудандың басшы кадрларынан бастап қарапайым қатардағы жұмысшы қызметкерлері, бүкіл халқы ол кісіні қатты құрметтеді. Ол кісінің абройы үшін аянабай қызмет етті.

Исекеңнің кезінде ауыл шаруашылығының барлық науқанды жұмыстарын аудан халқы өте көңілді, мейрамдағандай жүріп атқаратын. Ауданды басқарған жылдары экономика мен мәдениеті үлкен даму үстінде болды. Аудан негізінен ауыл шаруашылығымен айналысқандықтан оның көрсеткіштерінің өсуі аудан дамуының келісі екенінде сөз жоқ. Ол ауыл шаруашылығын интесивті жүргізуге бағыт ұстаған жылдар еді. Сырдарияның сол жағасына күршілікке жаңа жерлер игеріліп, төгістелік каналдар, қашыртылар қазылып, тоспалар, егістікаралық жолдар салынып, инженерлік күйеге көлтіріле бастаған болатын. Осы жұмыстың негізі Исекеңнің кезінде жүзеге асырылды. Соның арқасында 1965 жылға дейін 8-9 мың гектар күрші егіп келген аудан оның көлемін 17 мың гектардан асыруға мүмкіндік алды. Оның өнімділігі гектарына 25-30 центнерден 50-55 центнерге жетті. Аудан күрші өсірудің фабрикасына айналды. Сырдарияға үлкен көпке салынып, аудан халқы арғы-бергі бетке қатынау азабынан құтылды. Республикада ең ірі күрші қабылдайтын Элеватор салынды. Бұл ауқымды жұмыстар мен қол жеткен табастар Исекең басқарған аудандық партия комитетінің үлкен ұйымдастырушылық жұмыстарының нәтижесі болса, екінің жағынан аудан еңбеккерлерінің қажырлы еңбегінің арқасы еді. Осы жылдары аудан тарихында бірінші рет Социалистік Еңбек Ері атағын алғандар шыға бастады. Осы атаққа Т.Елеусінов, А.Бисенов, Н.Әпрезов, Қ.Жүсіпова,

кіре берген бойда залдан «О, менің комсомолым, Садық келе жатыр» деген Исекеңнің дауысы шықты. Жүрегім зу ете қалды. Себебі Исекеңнің жалғыз ұлы Серіп қазаға ұшырағанда көңіл айта алмаған едім. Елге хабар келгенде мен шаруашылықта істейтінмін, аудан басшылары көңіл айтуға барғанда мен ауылда болмай, бара алмай қалғанмын. Енді міне, осындай жағдайда көздерің болып тұрмын. Зал қаракөлнен, Исекеңнің дауысы шыққан жаққа қарай жүріп келемін. Мен жеткенше менің барлық тарихымды залға айтып жатыр, «Менің комсомолым, қазір бастық» деп бастап, барлық жылы сөзін арнап жатыр. Исекең отырған қатарға да жеттім, ол кісіге дейін белгілі тіл маманы, академик Хайдаров жазушы, әдебиетші, профессор Т.Көкішев тағы басқа екі-үш үлкен кісі отыр екен. Олардың үстінен өтіп, Исекең мен Мәгулісім апаидың қасына барып отырдым.

– Қашан келдің, қай палатаға орналастыңдар, келін қайда, – деп үстің сұрақ қойып жатыр.

Мен кешкі рейстен, ұшақтан түскенімді, жаңа келіп орналасқандымызды, Олжағұлдың басы ауырып, жатып қалғанын айтып жатырмын.

– Әні, бұл жастар сөйтпеді, келмей жатып келінді тастап, жалғыз жүреді, – деп әзілін де айтып жатыр.

Отырғаннан кейін бүкіл Жалағаштың жаулығын Таң кеңшарының кезінде құршып, механизаторлары болған барлық үлкен кісілерін аттарымен атап, халін сұрап жатыр. Арасында қасындағыларға ауданда бірінші хатшы кезінде егін аралап жүріп, Таң кеңшарының құршыпшы Смағұл ақсақалдың қосында күрші атызының басында түсте шай ішкенін де айтып тастады. Ауданнан кеткеннен сол жылы оң төрт жылдан асқан екен, соған қарамастан сол кездегі қатардағы аттарымен мен механизаторлардың құршыны деін есінде сақтапты.

– Іне-шала кино да басталды. Кино біткен бойдан «Бар, келінді алып кел, бірге шай ішеміз» деді. Мен палатаға барып Олжағұлды алып келдім. Исекеңнің неміріне келгеннен кейін Олжағұл дастархан, шай дайындаумен айналысып кетті де, мен Исекең мен Мәкеннің қасына отырдым. Отырған бойда «Исеке, біздің өзімізге, Мәкенге қандай ықпалымыз бен көңілімізді келгені екенін білесіз ғой» деп сөз бастай беріп едім. «Айналайын білемі, сендер аман болыңдар, ел халық аман болсын» деп арқамнан қағып, әрі қарай сөйлетпейді.

Осы бір жағдайдың өзі Исекеңнің данышпандығын көрсетіп тұрған жоқ па! Мен кинозалға келгеннен тоқтамай сөйлеп, әңгімесін айтып, ешкімге сөз бермеуі менің кезінде көңіл айта алмағандымыз қысылмамын деп істеп отырғаны деп түсіндім. Осының өзі үлкен төрбие емес пе!

Исекеңнің зерделілігіне, интуициясына танданып, өзімен сөйлесіп отыратыны біліп отыратын. Алматы шипажайындағы демалатын мерзіміміз аяқталуға жақын. Исекеңдердің мерзімі бізден екі күн бұрын аяқталды. Шығып бара жатып «Садық, сендер де екі күннен кейін шығасыңдар ғой, біз екі күн балдардың үйінде боламыз, білетіңіз «СП-ға» алдық сендер де сол вагонға алыңдар, бірге қайтайық» деді. «Жарайды, Исеке» дедім. Исекең көбіне пойызбен жүретін, ұшақпен ұша бермейтін. Уәделескен күні вокзалда кездесіп, вагонға орналастық. Ол уақытта «СП» вагонының екі түрі болатын. Бірі жатар орындары күлеңі екі жағына орналасқан кең күле болса, екіншісінің жатар орындары бірінші білікті бірінші орналасқан екі ярусты болып келетін. Біз мінген вагон орындары екі ярусты болып шықты.

– Садық-ау, мынау жатын орнымыз асты-үсті біз секілді үлкен кісілерге қиын болды-ау, – деді.

– Исеке, сіздер астына жатасыздар, үстіне біз жатамыз, – деп жатырмын.

– Қой, олай болмайды, жастар деген өзіңше белек жату керек, кемпіршалдың қасында не бар сендерге, жолсерікпен сөйлес, тағы бір осындай күле тауып берсін, – деді.

Сонан жолсерікпен сөйлестім.

– Біз кісіні білеміз, Исатай Әбдікәрімов қой, Отарға бос орындар жөнінде мөлiмiет беріп қойдың, Отардан ешкім міне қоймас. Содан кейін сіздерді орналастырайың – деді.

Отар стансасынан кейін Олжағұл екеуіміз бір күлеге орналастық. Исекең мен Мәгулісім апаиды бірі-бірі күлеге орналасты. Ортамызда бір күлені тамақтанатын орын қылдық. Әңгімемізді айтып, ас-суымызды ішіп, бір жақсы сапар болды. Олжағұл мен Мәгулісім апаид біздің күлемізде, мен Исекеңмен екеуіміз олардың күлесіндеміз. Газет қарап, әңгіме айтып отырмыз. Өйелдер отырған күленің де, біздің күлеміздің де есігі ашық тұр. Бірақ олардың не айтып отырғаны бізге, біздің не айтып отырғанымыз оларға естілмейді. Бір кезде Исекең, «Ай, Мәгулісім, сен бестекі әңгімелерді айтып, келініңіз

басын қатырма» деді дауысын соза. Мен түсіней қалдым, не айтып отыр, түсініксіз, Исекеңе тандана қарадым. Бірақ ол кісі мен берген жоқ, әрі қарай әңгімемізді жалғадық.

Исекеңнің бұл ескертуінің сырын алуға келгенім білдім. Олжағұл «Алай өте жақсы кісі ғой, екеуіміз біраз әңгіме айттық, арасында ауылдың жана-лықтарың, кезінде Исатай ағаның көзіне түскен келіншектерді сұрап отырған. Дәл осы кезде ағайдың дауысын естідің, сол кезде алай «Қой, құрысың, басқа әңгіме айттайық, ағаң ескерттіп жатыр» деп күлді. Сосын басқа әңгімеге көштік» деді.

Лырай дегімнің не деген зерделілік, қандай байқамаздық, сонда ол арамдыда бір күле бар, үшкіш күледе отырған екі әйелдің қандай әңгіме айтып отырғанын естимесе де, көрмесе де сондай бір гажал түсікеннен сезіп, біліп отыр ғой! Міне, Исекеңнің сезімталдығы, түйсігі осындай еді.

1989 жылы Исекең Аққыр ауылының 25 жылдығына, одан әрі Қызылқұмда Мортұқ деген жердегі шопандар тобына келгені бар. Қасында Қамал ағамыз болды. Ол кезде Аққыр совхозының директоры Сақтаған Жандасбаев еді. Аупарткомның бірінші хатшысы Биғали Қаюпов болатын.

Исекеңдердің осы сапары қызық болды. Аққыр совхозының директоры ол кісілердің келетінін аудан басшылығына ескертпегені айтамын. Қызылордадан «УАЗ» автокөлігімен ауылға алдырған одан әрі Қызылқұмға да сол көлікпен кеткен. Жасы келіп қалған ақсақалдар ұзақ жолды көтере алмай, шамалы шаршаған. Бұл кезде біз бірінші хатшымен Қарақұмда жүргенбіз. Қарақұмнан Қызылқұмға ұшақпен келгенде ғана ол кісілердің осындай шопандар тобында екенін білдік.

Біз ұшақтан түскенде күн табаға шықпайтындай күліп тұр екен. Бізді совхоз директоры мен ауылдың азаматтары күтіп алды. Осы жерде Исекең мен Мәкеннің келгенін естігенде бірінші хатшының түсі бұзылып кетті.

– Қашан келді, немен келді олар, – деп сұрады.

– Ақсақалдар Аққырға кеше келген. Биеке, бір күн ауылда демалдырып, бүгін өзімізбен бірге алып келдік, – деді директор.

Хатшы бұған тас-талқан болып ашуланды, әрине. Себебі ақсақалдардың осы тобы келетінін хатшы білмейді. Қаюповқа бұл мәселе айтылған. Бұл кісілер тек тойды тамашалап келіп-қайтатын кісілер емес. Үлкен кісілерге біріншіден жағдай жасалғаны жөн, сонша жерден келгені оларға дұрыстап сый-сияпат жасалуы қажет. Бұл жағы да ойластырылмай асықты.

– Сөке, сіз өзіңіз қызық адам екенсіңіз! Ау, бұл кісілердің келетінін мен неге білмеймін, осындай қадірлі қонақтарым бар деп неге бір ауыз айтпайсыз. Олай болған күнде үш-дүш шақырып ақсақалдардың сүйегін салдыратпай мен өзiм ұшақпен ала келетiн eдiм ғой, – деді хатшы.

– Биеке, негізі біз кісілер Аққырдың жырмыра бес жылдығына келген, болса да келгені осы шопандар тобын да көрсетейік деп ала келгенбіз.

– Немесе, олар шопандар тобын көрмей жүр ме екен, қайда келсе де жөн-жобаны білеу керек, директор жоқса, ал енді құрметті ақсақалдар келген екен, дұрыстап күтіңдер, шаршап қалмасын, ол кісілерге лайықты сый-сияпат дайындаңдар. Қайда, шақырыңдар ана Жаңадарияның директорын, – деп хатшы қасындағыларға тапсырма басты.

Сонымен екі ағамыз сол күні Аққырдың «Ленин» орденді майталман шопаны Көшердің үйінде болып, сыбағалы асын ішіп, түнімен күттік. Ертеңіне Исекең де, Мәкен де тиісті сый-сияпатын алып қайтып еді.

Сол барғанда Аққыр ауылдық кеңесі шешімі шығарып, Исекең «Аққыр ауылының Құрметті азаматы» деген атақ берді. Сонда қайтып бара жатып Исекең, інілеріне көңілі толмағаны ма енді шынайы өзілі ме, «Ай, Сақтаған, мен енді осы ауылдың құрметті азаматы болдым, енді ауылдан бір үй салдыр, сосын бір кемпір дайындап қой. Ауылға келгенде сол үйіме түсейін, кемпірім күтіп-баптап жағдайымды жасар» деп күлді.

Бұл да жарықтық Исекеңнің көрегендігі, ешкімге қина артпай, інілерім жаймен ғана өзілмен сипап қамшылап, ескерткен еді. Сөйткен Исекең де, Мәкен де жоқ қазір. Кейде сондай ағаларды сағынасың. Мен өз өмір жолыма жақсы адамдарды көз көзестірдім. Олардың еркіндігінің мен үшін орыны белек. Солардың ішінде екі кісіні ерекше көремін. Олар – нартулғалы қайраткер ағаларым Исекең мен Көнекен. Бұл екі кісі менің тағдырыма айырықша орын алады.

**Садық ӘЛИЕВ, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, ауданның құрметті азаматы**

**Таң ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі**

№	Елді мекен атауы	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның тегі, аты, әкесінің аты	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдауды күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	байланыс телефоны
1	Таң	Сейдахметов Қайрат Бегимович	Таң ауылдық округі әкімі	Сейсенбі сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін	Таң ауылы Оршнбай Жаруа көшесі №5	37-1-63
2	Жаңа қоныс	Сейдахметов Қайрат Бегимович	Таң ауылдық округі әкімі	Жұма сағат 15.00-ден 17.00-ге дейін	Жаңа қоныс елді мекені Фельдшерлік бөлм	40-5-60

# Жемқорлыққа жол жоқ



**Өткен аптада «Аманат» партиясы аудандық филиалының мәжіліс залында қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қызметкерлердің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша төтенше жағдайлар департаменті, аудандық төтенше жағдайлар және ерт сөндіру бөлімдерінің жеке құрамымен кездесу өткізді.**

Жиынға аудандық прокуратураның прокуроры, 3 сыныпты заңгер Бақытжан Русыбай, партияның аудандық филиалының консультанты Асхат Ахметжамиев және аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Еркін Назарқұлов пен БАҚ өкілдері қатысты. Келелі кездесуде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қызметкерлердің арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы түсінік қалыптастыру, сондай-ақ жолда жүру ережелері мен оларды бұзған жағдайда

қолданылатын әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік туралы мәселелер қаралды. Бұдан бөлек кездесу барысында азаматтық қорғау органдары қызметкерлері арасында жол-көлік оқиғаларының алдын алу және қызметкерлер арасында құқық бұзушылықтарды болдырмау мен қызметтік тәртіп пен заңдылықты сақтау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілетіні айтылды.

«ЖЖ» ақпарат

# 4 ДИДАР

## Бар жақсылық балаларға

Бүгінде өмірге келген балалардың денсаулығында көптеген ақаулық байқалауда. Мұндай ерекше күтімді қажет ететін бүлдіршіндердің қоғамға бейімделуі үшін жан-жақты жағдай жасалауда. Осы мақсатта жұмыс жасайтын ауданда «Дарын» балаларды дамыту орталығы ашылды.

Бала – әрбір ата-ананың бақыты. Бүлдіршіндеріміз сапалы білім алып, еркін өмір сүру үшін еңбектенеміз. Себебі елдің болашағы осы балаларымыз екені даусыз. Өмірге бірдей келгенмен денсаулық жағдайына байланысты әр балада өзіне тән бір ерекшелік болуы мүмкін. Бірақ олардың жақсы өмір сүріп, азамат болып қалыптасуы үшін әрбір

жауаптымыз. Статистикаға сүйенсек, ауданда былтырғымен салыстырғанда ерекше күтімді қажет ететін бала саны өдеуі артқан. Ал оларды қоғамнан шектемей, керісінше күтім көрсетіп, оның ерекше дарынын ашуға көмектесуі қажетті. Бүгін ашылған орталықтың да басты мақсаты осы.

– Біз де отбасымызда ерекше



— Ауданда осындай балалардың жағдайын жасайтын орталықтар ашылып жатқаны қуантады. Бәрімізге белгілі ерекше күтімді қажет ететін балалардың саны артауда. Мұндай орталықтар бізге керек. Себебі ерекше күтімді қажет ететін балаларды қоғамға бейімдейтін тек осындай орталықтар ғана. Әрине мұндай балалар қоршаған ортада өзінің замандастары арасында еркін болғысы келеді. Сондықтан балалардың бақыты болашағын қалыптастыруға атсалысатын жобаның алдағы жұмысына сәттілік тілеймін. Бастысы, болашағымыз болған балаларымыз аман болсын, — деді ПМПК басшысы Анар Молдабаева.

Жаңа орталық ашылғаннан балаларға ерекше көңіл-күй сыйлады. Келген балаларды түрлі костюмдегі ертегі кейіпкерлері күтіп алып, билетіп, ойын ойнатты. Мұнан кейін арнайы кабинетте тәрбиешілер балаларға сурет салғызып, ақыл-ойын дамытатын түрлі тапсырмалар орнықты.

Дені сау ұрпақ — ұлт болашағы. Өйткені кез келген елдің негізі байлығы — оның халқы. Осы тұста, мүмкіндігі шектелуі жандарды қоғамдық ортаға бейімдей отырып, өмір сүруге деген құлшынысын арттырып, денсаулығын қалыпқа келтіруге оңалту орталықтарының маңызы жоғары.

Бала тәрбиелеп отырымыз. Түзету-дамыту, қоғамдық ортаға қосу процесінің оңай емесін өз тәжірибемізден білеміз. Сонымен қатар аудандағы біз секілді ата-аналардың балалары үшін жанын салып, амалының жоқтығынан қалаға қарай күн сайын қатынап, қиналып жүргенін де көрдік. Өзіміз де баламызды солай тасыдық. Ал балаларын сол қала орталығына апаралмай жүрген ата-аналар қаншама. Осы сұрақтың төңірегінде мың ойланып, мың толғанып, балапандарымызға қандай болсын көмегіміз тисін деген мақсатта осы орталықты ашып отырған жайымыз бар. Орталықты ашу туралы идея да сол баламызды қаладағы мамандарға қаратып жүрген қыркүйек айында келген болатын. Араға ұзақ уақыт салмай, басқары қалалардағы балаларды түзету-дамыту орталықтарымен байланысып, бір ай ішінде шешім қабылдадық. — дейді орталық басшысы Жарасбек Мерекеев.

Орталыққа күніне 30 бала келіп, логопед, дефектолог, педагог-психолог, АФК мамандары секілді білікті мамандармен жұмыс жасай алады. Мұнда 5 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Ғимараттың іші заманауи, стандартқа сай жабдықтармен жабдықталған. Орталықта балалардың білім алуына, ақыл-ойын дамытуына және шығармашылықпен айналысуына арналған қызмет түрлері бар. Балаларға қажетті барлық жағдай жасалған.

Ақнұр АЛТЫНБЕК

## Сенбілік жұмыстары — тазалық таразысы

«Тазалық табалдырықтан басталады» демекші, қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Тазалықты жанына серік еткен жалағаштықтар бүгінде сенбілік шараларына ерекше белсенділік танытуда. Өткен сенбіде аудан әкімі Ардақ Ибраимов сенбілік жұмыстарының жүру қарқынымен танысып, жауапты сала басшыларына тиісті тапсырмалар берді.



Күнделікті өмірде көріп жүргеніміздей, қазіргі таңда ең өзекті мәселелердің бірі — тазалық. Себебі тазалық — өмір айнасы, иманның жартысы. Ол болмаған жерде бейберекетсіздік белең алып, қоғамда адам өміріне қауіпті аурулар пайда болуы да мүмкін. Яғни тазалық сақталмаған жерде инфекциялық түрлі аурулар таралатынын естен шығармағанымыз жөн. Сондықтан санитарлық жұмыстардың жүйелі түрде жүргізіліп, қатаң бақылауда болуының мәні осында. «Тазалық табалдырықтан басталады» деген ұғымды ата-анамыз бала күнімізден санамызға сіңіріп, бойымызды үйретті. Табиғат тазалығы халық саулығы екенін ескерсек, айналамызды, қоршаған ортаны, табиғатты таза ұстау — баршамамыздың азаматтық парызымыз.

Аудан ажарын айшықтау мақсатында быыл көркейтуді, көгалдандыру, абаттандыру және санитарлық тазалық жүргізу жұмыстары жүйелі түрде атқарылып келеді. Сенбілік барысында аудан әкімі Ардақ Әбдіғаппарұлы тазалық ретке келтіру бағытында аудан аумағындағы көшелерді аралап, жүргізіліп жатқан жұмыстарға оң бағасын берді. Аудан көлемінде жүргізілген қызу тазалық жұмыстарына апта сайын барлық мекеме қызметкерлері бір кісідей атсалысып, әрбір ұжым бөлігін көшелерде тазалық жұмыстарын жүргізуде.

Тазалықты жанына серік еткен кент тұрғындары сенбілікте жабайы шөптерді шауып, құраған талдарды кесіп, аяқ су жүретін арықтарды тазартып, 12 тоннаға жуық құл-қоқысты белгіленген орындарға шығарды. Айта кетейік, жүргізілген сенбілік нәтижесінде аудан бойынша тазалық жұмыстарына 124 мекемеден 1500-ге жуық адам қатысып, 6 техника жұмылдырылды.

— Ауданда әр апта сайын жаппай тазалық жұмыстары жүргізіліп тұрады. Тазалық, көркейтуді-көгалдандыру жұмыстары — баршамамызға ортақ іс. Әр сенбілікте тұрғындар ерікті түрде қатысып, білек сыбанып жұмыс істеуі керек. Игілікті іс жұмыла кірскенде ғана нәтижелі болатыны сөзсіз. Әр адам сенбілікке кішкене де болса атсалысып, үлесін қосса, тазалыққа деген жауапкершілігі де арта түседі. Рас, тазалық әр адамның өзінен бастау алады. Ауламызды гүлдendirіп, көшелерімізді көркейтеміз десек, санитарлық тазалықты өзімізден бастағанымыз жөн. Туған жердің тазалығын қадағалау әрбір тұрғынның азаматтық парызы екенін естен шығармайық. Тұрғындар өз ауласын тазартып, абаттандыруға көңіл бөлсе, ауаны да тазартып, ауданды да көркейтуде өз үлесін қосар еді, — дейді кент тұрғыны Айнуір Смайлова.

— Сенбілік — халықты игілікті іске шақыру. Қоршаған ортаны абаттандыруға жанашырлық танытып, апта сайын өткізілетін сенбіліктің мақсаты — туған жерді азырмай, қолдан келгенше көркейтіп көгалдандыру. Ауданда әр сенбі сайын өткізілетін көркейтуді-көгалдандыру, тазалық жұмыстары кент, ауылдық округтер аумағында жалғасты. Туған жердің тазалығына, келбетінің көркеюіне атсалысу — әрбір тұрғынның міндеті. Қашанда халық үшін — ауыл руханиятының темірқазығы, ұлттық құндылықтардың алтын бесігі, береке-байлықтың бастауы. Туған жерінің ауасын жұтып, суын ішіп, табиғатынан қуаттанған әрбір азамат өз ауласын таза ұстап, қадірлеуі тиіс.

Сенбілік — бос уақытта, демалыста қоғам игілігі үшін ұйымдастырылатын еңбек күні. Әрбір тұрғын ескен ортасы мен тұрғылықты жеріне дәстүрлі түрде сенбілік жұмыстарын жүргізсе, аудан ажары айшықталатыны анық.

Сезім НҰР



Жандос МАХМУТҰЛЫ

### Спорт



## Тілшілер доп тепкен күн

Сенбі аудандағы футболсүйер қауым үшін ерекше күн болды. Өрине доп тепкен кәсіби футболшылар емес, кәнігі қолынан қаламы мен қойындөптері түспейтін тілшілер еді. Бірақ емін-еркін доппен жүргіген қимылдарына қарап, тілшілер екеніне бір қарағанда сене қоймайсың. Сөздің қысқасы, өткен аптада бізде аудан әкімдігінің қолдауымен «Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру» тақырыбы аясында БАҚ өкілдері арасында шағын футболдан облыстық турнир өтті. Спорттық сайыста салауатты өмір салтын насихаттап жүрген әр өңірдің журналистері бас қосты.

Иә, турнирдің басты мақсаты салауатты өмір салтын қалыптастыру, қоғамдық санада сыбайлас жемқорлықтың көріністеріне жол бермеу, спорттың бұқаралықын арттыру және ұжымдар арасындағы өзара өріпестік байланысты нығайту екені сөзсіз. Жарыстың ашылу салтанатында аудандық мәдениет және спорт бөлімі басшысының орынбасары Еркебұлан Жамалатов сөз сөйлеп, қатысушы командаларға сәттілік тіледі.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, бұқаралық спортты дамыту, салауатты өмір салтын насихаттау өте маңызды. Күнделікті қызмет бабымен әрқайсысымыздың спортпен шұғылданауға уақытымыз табыла бермейді. Ал осындай сайыстар адамның физикалық, психологиялық тұрғыдан сер-

гуіне мол септігін тигізеді. Сондықтан бүгінгідей турнир өткізілсе деген сыбыс шыққаннан дереу қолдай жөнелдім. Өйткені бұл сайыс дені сау ұлт, дені сау қоғам қалыптастыру өзіміздің қолымызда екенінің айғағы іспетті, — деді Еркебұлан Жамалатов.

Не керек, доп тегуеге асыққан облыс, қала, аудандық БАҚ өкілдерінен құралған 9 команда футболда бақ сынады. Сайыс өте тартысты және қызықты өтті. Командалардың мықты дайындықпен келгені көрініп-ақ тұрды, қақпаға тоғытқан әрбір гол да жарыс көркін аша түсті. Өрине футболдың сәні гол емес пе! Тіпті жартылай финалдағы ойындарда алаңда кәсіби спортшылар өнер көрсеткендей сезілді. Олай болары да заңдылық, ақтық кезеңге кіл мықтылар іріктеліп шықты.

Нәтижесінде III орынды Қармақшы ауданының намысын қорғаған «Qadam» командасы еншілесе, облыс орталығынан ат терлетіп келген «Қызылорда телеарнасы» командасы II орынды қанжығасына басты. Үздік ойынымен қарсыластарын қапы қалдырған «Меншікті тілшілер» командасы I орынды иеленді.

Айта кетейік, жеңімпаздар аудан әкімінің арнайы дипломымен және аудан жастарының «Темірқазық» қоғамдық бірлестігінің кубок, медальдарымен және қаржылай сыйлықтарымен марапатталды. Сонымен қатар турнирде «Үздік ойыншы» номинациясымен Ерсултан Оспаң «Үздік қақпашы» номинациясымен Азамат Үсенбаев, «Үздік шабуылшы» номинациясымен Мейіран Балабек, «Үздік қорғаушы» номинациясымен

Нұржан Батыршаев марапатталып, 20 мың теңге қаржылай сыйақыға ие болды.

— Турнир жоғары деңгейде өтті. Өзім «Меншікті тілшілер» командасы атынан қатыстым. Шыны керек, аймағымыздың әр ауданынан келген өріптестермен араласып, арқа-жарқа болдым. Иә, мұндай іс-шараларды жиі өткізу арадағы өріптестік байланысты беки түсуіне, бір-бірімізбен тәжірибе алмасуға зор ықпал етеді. Мақсатымыз жүлде емес, жолдастық қарым-қатынас, достық ойын өткізу болды. Осы жағынан алғанда бұл футбол бәсекесі өзінің миссиясын толық орындады деп айта аламын. Осындай спорттық сайысты өткізуге себепкер болған, қолдау көрсеткен Жалағаш ауданының әкімдігіне алғыс айтамыз, — дейді Қайрат Рабаев.

Сайыс барысындағы қызығы мол әсерлі сәттер журналистердің есінде ұзақ сақталары анық. Алдағы уақытта журналистер қауымы тек футболмен шектелмей, басқа да спорт түрлерінен бәсекеге түсуге дәмелі.

Жандос МАХМУТҰЛЫ

### Меншік иесі:

**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

### Бас директор

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

### Бас редактор

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

### Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36

Бас редактор - 32-0-41

Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификаланған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды. Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөмеce 8 (7242) 70-14-08 телефон нөмірiне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1801